

«КЕЛІСІЛДІ»

«Мұғалжар аудандық  
білім бөлімі» ММ-нің  
әдістемелік кабинет әдіскері  
Г.Қ. Нұрмағанбетова

«08» 09 2020 ж.



«БЕКІТІМНІ»

«Қарлығаш» бөбекжай-бақшасы»  
МКҚК меңгерушісі

К.С. Медеуова

«08» 09 2020 ж.

## Вариативтік компонент

### «Сиқырлы математика әлемі»

Бағдарламаны дайындағандар:  
№14 «Ақкөгершін» ортаңғы тобының  
Тәрбиешілері Жамангарина Н.Е  
Аманова А.Н

Қандыағаш қаласы

Қандыағаш қаласы  
«Қарлығаш» бөбекжай бақшасы МКҚК  
№14 «Ақкөгершін» ортаңғы топ  
Тәрбиешілері : Аманова Асылай Нұрсұлтанқызы  
Жамангарина Нұрай Ержанқызы

«Сиқырлы математика әлемі» варативтік компонентіне

### Пікір

Дидактикалық ойындар арқылы балалар әр түрлі материалдарды қолдану барысында олардың қасиеттері мен құрастырудың ерекшеліктерің танып біледі. Баланың дүние танымын дамытуда ойынның орны ерекше. Математикалық білім мен ұғымдар негізінде балалардың ақыл-ой қабілеттерін қалыптастырады. Түрлі сезім мүшелері арқылы(көру,есту,сипап сезу) санауға үйретеді.

Күрделі геометриялық суреттен үшбұрышты,төртбұрышты,шеңберді көрсете білу.

Балалармен дидактикалық ойындарды ұйымдастыру формалары әр түрлі:

1.Ойынды топтағы барлық балалармен өткізге болады.

2.Бірнеше топқа бөліп өткзуге болады.

3.Жеке баламен өткізуге болады.

Осындай дидактикалық ойындарды ұйымдастыру баланың жеке дамуына мынадай қасиеттер қалыптастырады:

1.Өз бетімен ойлау

2.Байқағыштық

3.Салыстыру

4.Алғырлық


5.Тапқырлық

6.Шыдамдылық

7.Өз әрекетін жоспарлау,қорытындылау, талдау жасау

Дидактикалық ойындар арқылы баланың зейіні түседі,өз бетімен есте сақтау қабілеті пайда болады.қабылдау мен қиялы жетіледі.Көрнекі бейнелі ойлаудың түрлері пікір айту,ой тұжырымын жасау іскерлігі дамиды.өте ерте жастан балалардың ойлау қабілетін дамытуға зор үлесін тигізеді.

«Қарлығаш» бөбекжай-бақшасы»

МКҚК әдіскері:  Г.С.Кұлжанова

## Түсінік хат

«Айт-мен ұмытамын, көрсет-мен есте сақтаймын,

Байқап көріп-мен түсінемін»

Қытай мақалы.

Мектеп жасына дейінгі балалар білуге тиісті қарапайым білім негіздерін неғұрлым тереңірек меңгерте отырып, олардың ой-өрісін, білім дағдысының деңгейін кеңейту, сана-сезім, таным, қабылдау әркетін дамыту, білімге қызығушылыққа баулып, баланың өздігінен еңбектену белсенділігін қалыптастыру қажет.

" Математика елі қызықты » вариативтік компонент мектепке дейінгі (4-5жас) жастағы балаларға ҚР МЖМБС- ның мектепке дейінгі мекеменің оқыту мен тәрбиелеу бағдарламаларының талаптарына сәйкес вариативтік бөлімде тәрбиеленушілердің танымдық талғамдарын ой өрісін арттыруға және балаларды мектепке даярлауға бағытталған көмекші құрал.

Ұсынылып отырған вариативтік компонент 4-5 жастағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудың міндеттерін жүзеге асырады. Берілген тапсырмаларды орындау барысында балалар заттар мен құбылыстардың мәнді белгілерін айқындайды, қатынас, жүйелеу, салыстыру, талдау, сараптау жайлы түсініктерді меңгертеді. Бағдарламадағы ойындар мен тапсырмалар , қолмен пішіндерді құрастыруға, талдауға, жинақтауға, әсемдікті түсінуге, салыстыруға, үйлестіруге, есте сақтауға көп көмегін тигізеді. Негізгі оқу материалдарын басшылыққа ала отырып, бұл бағдарлама балалардың математикадан алған білім , білік, дағдыларын, танымдық қабілеттерін және ойын - жаттығуларға деген қызығушылықтарын арттырады.

Дамытушы ойындар арқылы әртүрлі нәрселердің ұқсастығы мен айырмашылықтарын табады, ортақ белгілеріне қарай заттарды топтарға дұрыс топтастырады, тапсырманы орындау барысында, дидактикалық ойындарды қызығушылықпен қабылдап, ойларын дәйектей алады. Балалардың тапсырмаларға деген қызығушылығын әрі қарай өрбіту үшін, Күлдірген, Дымбілмес, Буратино, Алдаркөсе, Құрбақа сияқты тосын сәттер кіргізілген. Ең бастысы берілген тапсырманы сәтті орындаған сайын мадақтап, баланың қызығушылығын тудыра білу.

### **Бағдарламаның мақсаты:**

Жас ерекшелігіне сай танымдық іс-әрекет дағдыларын меңгерген, әлемнің тұтас бейнесін түсінуге, ақпаратты күнделікті өмірлік мәселелерді шешуде қолдануға қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

### **Бағдарламаның міндеттері:**

- Ақыл-ой әрекетінің дамуын, логикалық ойлау, салыстыру, талдау, жинақтау дағдыларын қалыптастыру, өзін-өзі бақылау дағдыларын дамыту.
- Талдап-ойлауға, есте сақтауға, ой-өрісті дамытуға, қиыншылықтарды жеңіп шығуға дағдыландыру.
- Зейінін, қиялын, танымдық процестерін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту,

### **Нәтижесінде:**

- Балалардың мектепке даярлығына, заттардың қасиетін аша отырып мұқият тыңдауға және жеңіл тапсырмаларды шешуге.
- Балалар заттарды қасиеттеріне карап жалпылауға (бір, екі, үш), заттардың ұқсастығын және айырмашылығын түсіндіре алады, өздерінің ойларын дәйектей алады.
- Балалардың ой-өрісін кеңейтіп, есте сақтау қабілетін шыңдау, білімге деген қызығушылығын артты

**«Сиқырлы математика әлемі»**

<b>№</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>уақыты</b>	<b>сағаты</b>
1	Өз үйінді тап	Қыркүйек	1
2	Әдемі кілемшелер		1
3	Мынау қай пішін?		1
4	Үйдің есігін жабайық		1
5	Ұзын –қысқа	Қазан	1
6	Сиқырлы қапшық		1
7	Суреттерді орналастыр		1
8	Түрлі-түсті жолақтар		1
9	Қандай пішін жетіспейді:	Қараша	1
10	Зейінді бол		1
11	Дәл осындай пішінді тап		1
12	Үй құрылысының ретін көрсет		1
13	Жұбын тап	Желтоқсан	1
14	Көзінді жұмып, қолыңмен анықта		1
15	Шамдар		1
16	Біркелкі пішіндерді сана		1
17	Бос торларды сәйкес піндермен толтыр	Қаңтар	1
18	Көп және біреу		1
19	Кеңістік		1
20	Қолымда не бар?		1
21	Пішіндерді боя	Ақпан	1
22	Сиқырлы суреттер		1
23	Кім зейінді?		1
24	Қандай пішіндер шықты		1
25	Жоғарыда-төменде	Наурыз	1
26	Қуыршақ қонаққа дайындалуда		1
27	Тапсырманы орында		1
28	Қай қолымда көп		1
29	Сипаттамасы бойынша тап	Сәуір	1
30	Оң және сол		1
31	Танып ал да атын ата		1
32	Ойыншықты тап		1
33	Тәулік бөліктері	Мамыр	1
34	Сипаттамасы бойынша тап		1
35	Қалай жүріп, нені тапқын келеді?		1
36	Жоғарыда төмен, биік аласа		1

2020-2021 оқу жылы

Вариативтік компонент бойынша жұмыс жоспары

«Сықырлы математика әлемі»

Айы	№	Тақырыптар	Мақсаты	Сағат саны	Уақыты	Көрнекіліктері
Қыркүйек	1.	Өз үйінді тап	түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету.	1		түрлі-түсті дөңгелектер.
	2.	Әдемі кілемшелер	Бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	1		қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер
	3.	Мынау қай пішін?	Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.	1		Картоннан жасалған геометриялық пішіндер 5-түрі.
	4	Үйдің есігін жабайық	Заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.	1		үйдің, есіктің суреттері.
Қазан	5.	Түрлі-түсті жолақтар	Түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу.	1		қағазға желімделген әртүрлі жолақшалар.
	6.	Сықырлы қапшық	Заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.	1		түсі, өлшемі, пішіні бойынша әр түрлі ойыншықтар.
	7.	Ұзын –қысқа	Өлшемдердің қасиеттерін қабылдауға үйрету; тапсырманы орындауға жаттықтыру.	1		ұзын және қысқа жолақшалар
	8.	Суреттерді орналастыр	Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту.Зейіндерін дамыта отырып,шапшаңдылыққа үйрету.	1		Геометриялық пішіндер
Қараша	9.	Қандай пішін жетіспейді:	Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу.	1		Геометриялық пішіндер

	10.	<b>Зейінді бол</b>	Күрделі геометриялық суреттен үшбұрышты, төртбұрышты, шеңберді көрсете білу.	1		Геометриялық пішіндер кескінделген суреттер /5–сурет/.
	11.	<b>Дәл осындай пішінді тап</b>	Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.	1		Бала саны бойынша құлыптың суреттері, геометриялық пішіндер.
	12.	<b>Үй құрылысының ретін көрсет</b>	Түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту.	1		баланың саны бойынша әртүрлі түсті жолақтар, пішіндер, үй суретінің үлгісі.
Желтоқсан	13.	<b>Жұбын тап</b>	Геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту.			Әртүрлі ретте орналасқан геометриялық пішіндердің суреттері.
	14.	<b>Көзінді жұмып, қолыңмен анықта</b>	Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту.	1		карындаштар, таяқшалар.
	15.	<b>Шамдар</b>	Қасиеттері бойынша заттарды топтастыруға, түстерді, өлшемдерді ажыратуға жаттықтыру; зейіндерін дамыту.	1		бала саны бойынша әртүрлі шамдар
	16.	<b>Біркелкі пішіндерді сана</b>	Пішіндерді танып, топтастыра білуге үйрету. Ойлау қабілетін, қол қимылын жаттықтыру.	1		Геометриялық пішіндер
Қаңтар	17.	<b>Бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр</b>	Геометриялық пішіндерді танып, атай білуге үйрету. Бос торларды сәйкес пішіндермен толтырту.	1		Әр балаға жеткілікті таратпа суреттер.
	18.	<b>Көп және біреу</b>	Көп және біреу қатынастарын білуге үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру.	1		көп және бір зат бейнеленген суреттер.
	19.	<b>Кеңістік</b>	Балаларды кеңістікті бағдарлауға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, зейін процесстерін дамыту.	1		әртүрлі заттар бейнеленген суреттер.
	20.	<b>Қолымда не</b>	Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке,	1		ұсақ тастар,

		бар?	үлкен-кіші, оң-сол жайлы білімдерін бекіту. Түйсіну сезімдерін дамыту.			жаңғақтар
Ақпан	21	Пішіндерді боя	Түстерді тани білуге үйрету. Ойын элементтерін пайдалана отырып математикаға қызығушылықтарын арттыру	1		геометриялық пішіндер.
	22	Сикырлы суреттер	Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.	1		әр түрлі сурет бөлінділері.
	23	Кім зейінді?	Белгілі геометриялық пішіндерден әртүрлі нәрселер құрастыру.	1		геометриялық пішіндер.
	24	Қандай пішіндер шықты	Таяқшалардан таныс геометриялық пішіндер құрастыра білу.	1		Әрбір балаға 10 данадан санағыш таяқшалары
Наурыз	25	Жоғарыда-төменде	Жоғары-төмен ұғымдарын пысықтау. Байқағыштықты, зейін, қиялды дамыту.	1		құстардың, жануарлардың суреттері. құстардың, жануарлардың суреттері.
	26	Қуыршақ қонаққа дайындалуда	Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.	1		ұзындығы, жуандығы, түсі әртүрлі ленталар.
	27	Тапсырманы орында	Үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру.	1		үлкендігі әртүрлі ойыншықтар
	28	Қай қолымда көп	Аз және көп заттарды ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту.	1		әртүрлі ұсақ заттар- моншақтар, түймелер
Сәуір	29	Сипаттамасы бойынша тап	Ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа ұғымдарын бекіту.	1		жануарлардың, құстардың ойыншығы
	30	Оң және сол	Үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру.	1		үлкендігі әртүрлі ойыншықтар.
	31	Танып ал да атын ата	Заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.	1		әр түрлі ойыншықтар немесе суреттер
	32	Ойыншықты тап	Ойыншықтардың көлемдеріне қарай ажырата білуге үйрету.	1		Әр түрлі ойыншықтар



			Шапшаңдылыққа тәрбиелеу.			
Мамыр	33	Тәулік бөліктері	Тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру.	1		Суреттер
	34	Сипаттамасы бойынша тап	Ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту. Көрнекілік: Топтағы жануарлар бейнелейтін ойыншықтар	1		Топтағы жануарлар бейнелейтін ойыншықтар
	35	Қалай жүріп,нені тапқын келеді?	Кеңестікті бағдарлай білуге үйрету. Оң-сол, алдында-артында ұғымдарын бекіту.	1		Кез-келген ойыншықтар немесе суреттері.
	36	Жоғарыда төмен,биік аласа	жоғары- өмен, биік-аласа ұғымдарын пысықтау.	1		Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суретті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған.
Барлығы				36 сағат		